

## Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 16 шілдедегі № 356 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 11 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6386 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 109 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 01.02.2018 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 438-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. "Кедендік бақылаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 201 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2276 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (Қ-К.Ж. Кәрбозов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 1 шілдеден басталған қатынастарға қолданылады.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2010 жылғы 16 шілдедегі  
№ 356 бұйрығымен  
бекітілген

## **Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін жүргізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін жүргізу ережесі " Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 438-бабына сәйкес әзірленді және Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін (бұдан әрі – ЗМО кедендік тізілімі) жүргізу тәртібін айқындайды.

### **2. ЗМО кедендік тізілімін жүргізу**

2. Зияткерлік меншік объектілері Кодексінің 439-бабымен бекітілген шарттар сақталған жағдайда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі - Комитет) шешім қабылдағаннан кейін ЗМО кедендік тізілімге енгізуге жатады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.12.2014 № 599 бұйрығымен.**

3. ЗМО кедендік тізілімі осы ереженің қосымшасына сәйкес, нысан бойынша электронды түрде жүргізіледі.

4. ЗМО кедендік тізіліміне мынадай мәліметтер енгізіледі:

ЗМО кедендік тізілімі бойынша тіркеу нөмірі;

зияткерлік меншік объектісінің түрі (түрі, сипаттамасы, бейнесі);

тауардың атауы, қорғау құжатына сәйкес, тауарлардың және қызметтердің халықаралық сыныптамасы бойынша тауарлардың классы, Кеден одағы сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы бойынша бірінші алты таңба деңгейіндегі тауарлар коды;

құқық иеленуші туралы мәліметтер (ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген ұйымның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, орналасқан жері, почталық мекенжайы, телефоны, факсы, электрондық мекенжайы);

қорғау құжатының атауы, нөмірі және берілген күні;

зияткерлік меншік объектісіне қорғау мерзімі;

құқық иеленушінің оның мүдделерін сенімхат бойынша немесе лицензиялық шарттың негізінде білдіретін сенімді тұлғалары туралы мәліметтер ( ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, орналасқан жері, почталық мекенжайы, телефоны, факсы, электрондық мекенжайы);

Комитеттің аумақтық органдарына зияткерлік меншік объектісінің ЗМО кедендік тізіліміне енгізілгені туралы хаттың нөмірі мен күні;



| ЗМО кедендік тізілім бойынша тіркеу нөмірі | Зияткерлік меншік объектісінің атауы, (түрі, сипаттамасы, бейнесі) | Тауарлардың атауы, ТҚХС бойынша тауарлардың классы/ КО СЭҚ ТН тауарлардың коды | Құқық иеленуші туралы мәліметтер | Қорғау құжатының атауы, нөмірі және берілген күні | Зияткерлік меншік объектісінің қорғау мерзімі | Құқық иеленушінің сенімді тұлғалары туралы мәліметтер | Комитеттің аумақтық органдарына зияткерлік меншік объектісінің ЗМО кедендік тізіліміне енгізілгені туралы хаттың нөмірі мен күні | Зияткерлік меншік объектісін ЗМО кедендік тізілімінен шығару туралы бұйрықтың нөмірі және күні |
|--|--|--|----------------------------------|---|---|---|--|--|
| 1  | 2  | 3  | 4                                | 5   | 6   | 7   | 8  | 9  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК